



*Кичикентай  
окуртандарга  
арналган журнал*

**№5**



# БАЛАПАН ӘЛЕМІ



**№5**

# БАЛАПАН ӘЛЕМІ



Қазақстан Республикасы  
Ғылым және  
жоғары білім министрлігі  
Тіл саясаты комитетінің  
тапсырысы бойынша  
шығарылды.

Редакциялық алқа  
мүшелері:

Болатов Санжар  
Қапантайұлы  
Шынар Қапантайқызы  
Алимхан Айгүл  
Әсетқызы  
Болатова Айұл  
Санжарқызы  
Қабидолина Құралай  
Қабидолақызы  
Қабдулина Анар  
Қабиденқызы  
Баймурзин Мәди  
Охметұлы

Журнал Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және Ақпарат министрлігінде  
тіркеліп, 24.04.2009 жылы  
№10074 Ж тіркеу куәлігі берілген.

Шығарушы:  
ЖК «MediaSoft»  
070016 Өскемен қаласы  
Ш.Қалдаяқов көшесі 33  
тел.: 87054985044  
e-mail: MediaSoft74@list.ru

Басуға қол қойылды:  
Таралымы:  
Тапсырыс:

## МАЗМҰНЫ:

Тілашар «Мен зерек баламын!	3 бет
Менің Отаным - Қазақстан!	4 бет
Ол кім? Бұл не?	5 бет
Ойлан - тап...	6 бет
Боямақтар	7 бет
Ұлттық тағамдар	8 бет
Атаулы күндер	9 бет
Ұлылар ұлағаты	10 бет
Өлеңді жаттап аламыз	11 бет
Ертегілер елінде	12 бет
Сергіту жаттығулары	13 бет
Жұмбақтар	14 бет
Жаңылтпаштар	15 бет
Сен білесің бе?	16 бет
Техника тілі	17 бет
Біздің балабақшада	18 бет
Ойнаймыз да ойнаймыз	19 бет
Суреттер сөйлейді	20 бет
Сурет салып үйренеміз	21 бет
Суретті сөздік	22 бет
Жыл мезгілдері	23 бет
Ата-анаға кеңес	24 бет





# ілашар

Мен зерек баламын.

**Білім алу - мақсатым,  
Көп әріпті білемін.  
Үлкейгенде жақсы атым  
Шығар деген тілегім.**



### ТАПСЫРМА

Шаршыларда берілген әріптерге сәйкес суреттерді ата




# МЕНИҢ ОТАНЫМ - ҚАЗАҚСТАН!

## АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

Алматымсың бағалым,  
Сенен бақыт табамын.  
Сенде жүрсем жарқырап,  
Жұлдыздай боп жанамын.



Алматы - Қазақстанның ең үлкен қаласы.  
Ол Тянь-Шань тауларының солтүстігінде,  
Іле Алатауының баурайында,  
Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысында орналасқан.  
Алматыда 1 897 143 адам тұрады.  
Алматы қаласы 1997 жылға дейін Қазақстанның астанасы болған.



## **БАЛМҰЗДАҚ ҚАШАН ПАЙДА БОЛҒАН?**



Тұңғыш рет Нью-Йоркта балмұздақ 1786 жылы 10 маусым күні сатылыпты.  
Содан бері осы күнді Балмұздақ күні деп атап келеді.  
Бірақ Қытайда одан да ертеректе балмұздақ мерекелік дастарқаннан орын алған.

**ОЛ ҚАШАН  
ПАЙДА БОЛҒАН?**



## **ЕҢ ЖҮЙРІК АТ**

Ат жарысы ертеден келе жатқан спорт түрі.  
Әлемде нағыз жарысқа арналған жылқылар деп -  
ағылшындық асыл тұқымды аттар саналады екен.  
Асыл тұқымды аттардың биіктігі 1,5-1,7 метрге дейін жетеді.  
Олар көбінесе арық, мойындары қиғаш орнатылған болып келеді.  
Өте мықты және бұлшықетті.

Климаттық ерекшеліктерге төзімді. Және өте әсем жануар.  
Әлемдегі ең жүйрік ат - Бич Рэкид.


Ол 1945 жылы әлемдік рекордты орнатқан. Рекорд - Мехикода тіркелген.  
Жүйрік ат 69,6 км/сағ жылдамдықпен 410 метрлік дистанцияны еңсерген.



# Ойлан - тап!



Мына 5 суреттің ішінен  
артық 2 суретті көрсет.




Бос орынға қай суретті қоямыз?




Сурет неше  
бөліктен құралған?



# БОЯМАҚТАР




Пойызбенен келемін,  
Астананы көремін.  
Достарыма көп ойыншық  
Өзім әкеп беремін.



Ақылды менің күшігім,  
Орындайды бұйрықты.  
Айтқанымды түсініп,  
Бұлғаңдатар құйрықты.



# Ұлттық құндылықтар



## АСЫҚ ОЙЫНЫ

Асық ойыны — қазақ халқының дәстүрлі ойыны.

Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады.

Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды.

Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы,

тәйке, бүк, шік деп,

ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны

– сақа, жақсылары – оңқы аталады.



# Атаулы күндер



1  
қыркүйек  
білім  
күні!



# Ұлылар ұлағаты



## Қажымұқан Мұңайтпасұлы

Қажы Мұқан Мұңайтпасұлы - Қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан. Тұтас ғұмырын күрес өнеріне арнап, ұланғайыр жері мен өршіл халқын бірінші болып өзге жұртқа паш еткен, өзінен бұрынғы қандастары баспаған топырақты басып, көрмеген елді көріп, өзге қазақ тақпаған алтын, күміс медальдарды мойнына тұңғыш ілген Қажы Мұқан бабамыз.

Орасан күштің иесі, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ алыбы! Теңдессіз өнерімен жер шарын аралаған, 54 мемлекетте күреске түсіп, 48 медаль олжалаған Қажымұқандай мықты XX ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде қазақта ғана болды. Ресейдің балуандар тобында Қажымұқаннан күші асқан ешкім болмаған. Дүние жүзінің чемпиондары Иван Поддубный, Иван Шемякин, Алекс Аберг, Иван Заикин, Георг Лурих, Георг Гаккеншмидт, Поль Понс, Вейланд Шульц сынды жампоздармен қатар жүру, боз кілемдегі айқастарда осы балуандарды шетінен жығып, бәйге алу — сол заманда нағыз ерлік еді.




# Өлеңді жаттап аламыз

Ала мысық  
Ала мысық тырнама,  
Тырнағаның бола ма?  
Ұстайыншы қолыңнан,  
Ойнайық, ер соңымнан.





# Ертегілер елінде



## ГҮЛ

### Гүл

Баяғы өткен заманда бір гүл өмір сүріпті. Гүлдің басқа достары болмапты. Бір күні күн бұлттанып, жаңбыр жауа бастайды. Гүл жаңбырдан қаша алмайды. Жаңбыр жауып, басылған соң, күн қайта ашылады. Кейін гүлдің көңілі көтеріліп, қуанады. Ол әр-түрлі қимыл жасап билейді. Бір кезде оның басындағы тұқымы жерге себіледі. Гүл оны байқамайды. Гүл тағы да менің достарым жоқ, деп мұңайып жылай бастайды. Қарап тұрған күннің көзі жабылып, тағы да жаңбыр жауады. Жаңбырдан соң, гүл жан-жағына қараса кішкентай-кішкентай гүлдердің шыға бастағанын көреді. Гүл: «Енді менің достарым көбейді, алақай» - деп қуанады. Содан бері әр-түрлі гүлдер жерге шыға бастапты.





## Сергіту жаттығулары



**Ұшты-ұшты құлын ұшты.**

**Ұшты-ұшты мұрын ұшты.**

**Ұшты-ұшты кептер ұшты.**

**Ұшты-ұшты дәптер ұшты.**

**Ұшты-ұшты қарға ұшты.**

**Ұшты-ұшты арба ұшты.**



# ЖҰМБАҚТАР



Қыста киімін тастайды,  
Көктемде киіне бастайды.

Бірі үй күзетіп қалса да,  
Бірі жүрер қалтада.



Ашылып, жабылады,  
Әр үйден табылады.

# ЖАҢЫЛТПАШТАР




Инелік илеуде иленбейді.  
Итбалық итмұрынды иіскемейді.



Үш кіші ішік піштім,  
Бес кіші ішік піштім,  
Неше кіші ішік піштім?



Қаһарлы айдаһар  
Шаһарға келіп,  
Қаһарланар.



# Сен білесің бе?



Экватордан бастау алып, теріс қарай  
ағатын жалғыз өзен – Ніл.

Жердегі ең жылы теңіз – Қызыл теңіз.

Вашингтонда адамнан телефон көп.

Малайзияда жол полициясы жоқ.



# ТЕХНИКА ТІЛІ



Xiaomi cyberdog 2, робототехниканың екінші буыны, робототехника саласында бірегей тәжірибе ұсынады.

Бұл құрылғының салмағы 8,9 килограмм және сағатына 15 км жылдамдықпен жүруге қабілетті.

Ледар, ультрадыбыстық сенсор, жасанды интеллект камерасы және басқалары сияқты жетілдірілген навигациялық жүйелермен cyberdog 2 кеңістікті оңай шарлайды және кедергілерді айланып өте алады.




# Біздің балабақшада



Мен Ерболмын. 4 жастамын.  
Балабақшаға барамын.  
Достарыммен ойнаймын,  
Ұйықтаймын, сосын, үйге қайтамын.  
Біздің балабақшада өте көңілді.


# ТАПСЫРМАЛАР, ОЙНАЙМЫЗ ДА, ОЙЛАЙМЫЗ...

КӨЛЕҢКЕСІН ТАП...




# ТАПСЫРМАЛАР, ОЙНАЙМЫЗ ДА, ОЙЛАЙМЫЗ...

АЯЗ АТАНЫ ШЫРШАҒА ЖЕТКІЗ



КІРПІГЕ ТАМАҚ БЕР



# Суреттер сөйлейді



## Тапсырма

Суреттерге қарап,  
әңгіме құрастыр




# СУРЕТТІ СӨЗДІК



## Жемістер

Қарбыз  
Арбуз



Қауын  
Дыня



Қияр  
Огурцы

Қызанақ  
Помидор



Сәбіз  
Морковь



Орамжапырақ  
Капуста



Қызылша  
Свекла

Асбұршақ  
Фасоль



Бұрыш  
Перец



Кішкентай  
оқырмандарға  
арналған журнал

№5

Құрметті, Ата-аналар!  
Бала тәрбиесі - ата-ана үшін  
үлкен жауапты міндет.  
Жас шыбық иілгіш болса,  
жас бала да сондай жақсыға да,  
жаманға да бірдей бейім болатыны мәлім.  
Қазақта: «Баланың бас ұстазы – ата-анасы»,  
- деген сөз бар.  
Сондықтан, «Балапан әлемі» журналын  
балаңызбен бірге оқып,  
мәтіндер мен тапсырмалардың мағыналарын  
түсіндіріп беруіңізді сұраймыз.  
Бұл журнал сіздің балаңызға арналады.



БАЛАПАН  
ӘЛЕМІ